

ЖЕҢІМПАЗДАР ҚАТАРЫНДА

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында киелі өнерді жастайынан қадір тұтып, қастерлей білетін бүркітші қызымыз Мақпал Әбдіразақова Алматы қаласында



өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған Республикалық ашық турнирге қатысып қайтты.

Оза шауып, жеңімпаз атанған бүркітші-саятшы Мақпал Қазақстан Республикасының туризм және спорт Министрлігінің спорт комитетінің арнайы дипломы мен ашық турнирдың жеңімпазы атанып, ІІІ-ші орынды жеңіп алды. Жеңімпазға Алматы қаласындағы «Қыран» федерациясы қоғамдық қорының президенті Нұрлан Өнербай турнирдің арнайы дипломын табыс етті.

Бүркітші қызды Тәуелсіздік мерекесінде алған жүлдесімен құттықтай отырыш, алдағы уақытта да Іқыран құстай биіктен көріне бер деген тілек айтамыз.

Ш.ӘБДИЕВА.

Шет шұғыласы. - 2011. - 22 желтоқсан (№51). - 2 б.